

1 2007
81к

Р. НИЯЗБЕК

Айбозым менің



Рафазль Ниязбек

АЙБОЗЫМ МЕНІҢ



KULTECIN



1957


Рафаэль Ниязбек

АЙБОЗЫМ МЕНІҢ

(Елбасы жайлы өлең роман)

АСТАНА
«КҮЛТЕГІН»

2006



Мәдениет және ақпарат министрлігі.
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Н65 Ниязбек Р. Айбозым менің: Елбасы жайлы
өлең - роман. - Астана : «Күлтегін» баспасы,
2006 - 208 б.

ISBN 9965 - 642 - 12 - 5

Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік "Ұлт намысы" орденінің иегері, Шешенстанның Мемлекеттік және Қазақстан Жазушылар одағының І.Жансүгіров атындағы сыйлықтарының лауреаты, аркалы ақын Рафаэль Ниязбектің "Айбозым менің" деп аталатын өлең-романында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сара саясаты, дара келбеті, жаратылыс-болмысы биік өреде жарқырап ажарлы көрінеді. Туған елдің тұрлаулы тағдыры, бүгінгі тыныс-тіршілігі, болашаққа жол тартқан көрікті көшінің сән-салтанаты да көркем тілмен шебер суреттелген.

Кітап оқушы жүрегіне жол табады деп сенеміз.

Н $\frac{4702250202}{00(05) - 06}$ - 04 - 06

ББК 84 (5 Каз) 7-5

ISBN9965 - 642 - 12 - 5 © Ниязбек Р. 2006
© «Күлтегін» баспасы 2006

АЛАШТАН ТУҒАН АЙБОЗЫМ

Жұлдызы көктен жамырап,
Алаштан туған Айбозым!
Өзіңіз барда маңырап,
Қаңғысын қайда қай қозым.

Сақтанғай көздің сұғынан
Алдаспан болған арысым.
Алатаудың заңғар шыңынан
Алысқа секірген барысым.

Шөл қысқан қуаң белеңге
Тebіреніп аққан тереңім.
Егеулі найза ер елге
Еміреніп жеткен кемелім.

Ат ерттеп мініп жасынан
Бақ қуған қырғи еренім.
Қатерлі семсер астынан
Еңкеймей өткен еменім.

Қақ тұрмас қатқыл қыратқа
Мөлдіреп тұнған тұнығым.
Бастаған нұрлы мұратқа
Ұлытау тектес ұлығым.

Қанатын аққу жайғанда
Теңіздей шалқар айдыным.
Айбары асқан Айдан да
Арыстан кеуде айбыным.

Бармадың қанша жат елге
Жұрт көріп бәрін жаны арай,
Қарсы ағып қауіп-қатерге
Қасқайып тұрған карағай.

Тоза ма, сірә, Сіз барда
Арғымақ аттың тағасы.
Жыртылсын қалай мұз-қарға
Азамат ердің жағасы.

Жүрсең де желдің өтінде
Арайлы таңың жиі атсын.
Әділетсіз әлем бетінде
Қап қойған жалғыз Ұятсың!

АЗАТТЫҒЫМ, БАҚ БАР МА САҒАН ЖЕТЕР?!

Қуаныш боп кеудемді кернесең де,
Шаң боратып ұйтқыған желге сенбе.
Азаттығым, бақ бар ма саған жетер
Қазына боп,

байлық боп келмесен де.

Жас баладай алданып,

ештеңе етпес,

Бордақылап жемқорды жемдесең де.
Бостандыққа бұғаудан босап шығып,
Сыймай келе жатамын кең көшемде.

Саясаттың - сайқалдың сөзіне ерген,
Сақтанарсың сұмдардан көзі мерген.
Сені, Азаттық, сүйемін қыз болсаң да,
Ғашық болып жігітке өзі келген.

Шыбын жаны шырқырап күйгенде елдің,
Ат құйрығын бәрі де түйген бе ердің?
Ақ жүрек деп ойлама бәрін бірдей
Үстеріне ақ көйлек кигендердің.
Күн жарқырап көзіңнен көрінгенде,
Жеттің бе ұшып қазақтай көңілді елге.

Сені аңсағам, Азаттық,
Бабалардың
Қаны судай шашылып төгілгенде.

Көкжиектің көз алмай жиегінен,
Еркіндікті ел едік сүйе білген.
Сені аңсағам, Азаттық,
Аштық жылы
Тұрғызғанда мұнара сүйегімнен.
Қара бұлттың көбесі сөгілген бе,
Түңілгенде заманнан, өмірден де.
Сені аңсағам, Азаттық,
Тепкіленіп,
Қара жерге өр Рухым көмілгенде.

Жамандықтың ұрығы жеріме өнбей,
Болашаққа жол тарттық шеру елдей.
Аш-жалаңаш жетсең де өліп-талып,
Жол үстінде тоналған керуендей,
Азаттығым, кім сүйсін сені мендей.

Нұрсұлтанын хан сайлап, өсіргенде,
Түзу жолға бастаған көшін ел де.
Сені қорғап, Азаттық,
Елбасы еді,
Астананы Арқаға көшірген де.

Арқар ауған екен деп жасқана ма,
Жұрт көшуде сәулетті Астанаға.
Ұйғырлар да тұра алмас көшіп бармай,
Көрік беріп,
сән болған асханаға.

Тас жігері шарықта қайралғасын,
Жұрттың қалай орманы жайқалмасын.

Жер кіндігі болса егер бұл Астана,
Кіндігіне неге елдің айналмасын?!

Астананың бір үйі дүйім елдей,
Көркін көрмей сөз айтпа, сыйын көрмей.
Кіндігі осал болса егер
Табанында
Айнала ма Жұмыр жер диірмендей

КЕМЕҢГЕР ЕРЛЕР

Кезеңде мынау өтпелі,
Қай қазақ Сізге өкпелі.
Өкпелер еді шынында
Өртеніп жатса өткелі.

Кезеңнен қилы өтпелі -
Мың бақыт елдің өткені.
Өзіңіз аман тұрғанда
Өртенсін неге өткелі.

Қара бұлт төніп көктен де,
Нөсерін құйып өткенде, -
Азамат ерсіз тұлғалы
Көктем боп ескен көк белде.

Жаныңның жауып жаңбыры,
Құлпырған жердің жал-қыры.
Бір күнге жетпей көктеген
Бүлкілдеп тастың тамыры.

Азамат ерге еңселі,
Жоқ арман егер сенсе елі.

Өзіңсін, Аға, бұл күнде
Сертінен таймас Семсері.

Үстінен шыбын ұшпаған
Ер аз ба найза ұштаған.
Кемеңгер елдің тізгінін
Кемеңгер ерлер ұстаған.

ӨЗІҢ ҒАНА ХАЛҚЫҢНЫҢ ТАҢДАҒАНЫ

Жұлдыз шашып тұрғанмен биік аспан,
Елің арық тоқтыдай күйі кашқан.
Мәртебелім, топқа түс!
Бұл күндері
Тұлға бар ма өзіңнен иығы асқан.

Ар-намысы қанында бұлқынбаған,
Мәңгүрт қанша бақ қуып қутындаған.
Халық нанын бәрі де жеп үйренген
Сізден өзге елді ойлап кім тулаған.
Ел қамын жеп күйзелген Едігедей
Асыл ана неліктен ұл тумаған?!
Биік таудың басына шыға ала ма,
Биігіне өзінің ұмтылмаған.

Ат қадірін біледі атқа мінген,
Тақ қадірін біледі такка мінген.
Мәртебелім, жарқылдап жарысқа түс,
Сарбаздайын сайланып сапка кірген.

Тәңірінің алдында кішірмеген
Азаматсыз беделін түсірмеген.
Заманалар тудырған ұлыны да
Қоғам қанша кезінде түсінбеген.

Бағынбайтын тәртіпке, заңға тіптен
Сұмдық қанша, сұм қанша алда күткен?!
Халық үшін же десе,
Жаннан безіп,
Жантақты да жер едің жарға біткен.
Күйзелсең де кей-кейде жалғызсырап, -
Мәртебелім, өзіңнің бағыңды емес,
Сайлауға түс халқыңның бағын сынап.

Ізгі тілек, үндеуін жолдағаны -
Аға, Сізді халқыңның қолдағаны!
Өзге біреу дәл қазір сайланса егер
Онда еліңнен бақ тайып сорлағаны.

Жарық жалған тірлікте жалдамалы,
Өзің ғана халқыңның таңдағаны.
Сайлансаңыз егерде президент боп,
Елің биік тұрғандай самғағалы.

Елдің ішіп жатқанда нарық қанын,
Азамат жоқ ойлаған халық камын.
Сайлауға, Аға, түскенің
Тағыңды емес,
Халқыңды ойлап, Арды ойлап
жаныққаның!

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚТЫҒЫ

Өзені көңілінің ақпай қалып,
Көрсен де көп теперіш қақпайланып, -
Қазақтың қазақтығы ұятында
Жүзінде алаулаған нарттай жанып.

Бұлағы ұмтылса егер құмға асығып,
Ендеше ғұмыр кешсін кім ашынып.
Қазақтың қазақтығы бірлігінде,
Көрмеген тумысында жігі ашылып.

Үйренген жауға аттанып он жасынан,
Жығылсын оңай неге жорғасынан.
Қазақтың қазақтығы намысында,
Көрмеген сөз асырып өр басынан.

Семсер боп жарқылдаған серті күнде,
Қайтпаған елдің жаудан беті мүлде.
Жаралған жолбарыстың жүрегінен
Қазақтың қазақтығы ерлігінде.

Жігерлі жетілдіріп жетімін де,
Сөйлеткен ата жаумен ер тілінде, -
Қазақтың қазақтығы бір ауыздан
Елбасын сайлай білген елдігінде.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА

Жүрегіңнің түбіне мың бойлаған,
Таққа мінген күніңді жұрт тойлаған.
Жиын өтіп жатқанда салтанатты
Тосын жағдай болар деп кім ойлаған.

Күнің сөнбей тұрса да аспаныңда,
Жүзетіндер бар әлі басқа ағында.
Салтанатты жиында кім ойлаған
Тосын жағдай болар деп қас-қағымда.

Сізден өзге нұр шашсын кім уыстап,
Ұлы Дала нұр жұтып тұр тыныстап.
Құлап бара жатқанда
Шалт қимылдап,
Үлгердіңіз әп-сәтте туынды ұстап.

Болашаққа үңілген жылда үмітпен,
Сіздей алып емендер шыңға біткен.
Үлгердіңіз туды ұстап, Мәртебелім,
Найзағайдай жарқ еткен жылдамдықпен.

Дұшпан көп те кететін суынды улап,
Жүрегіңнің келемін мұңын жырлап.
Күреңіткен әлемнің көз алдында
Не істер ек жатқанда туың құлап.

Тал бойыңа көп сіңіп тылсым арай,
Жанған еді көзіңде жұлдыз талай.
Туы жерге құлаған қай елдің де,
Асқар тауы құламай тұрсын қалай.

Көңілінің құстары тұзақталған
Жанның бәрі бұл кезде ұсақталған.
Тумен бірге қазақтың
Асыл ерсіз
Асқақ рухын құлатпай ұстап қалған.

АНТ

Жүрегімнің сәулесі баққа ағындап,
Мінсем егер жасымда атқа арындап.
Таққа мінер алдында тұрмын, міне,
Салтанатты жиында Ант қабылдап.

Көңілімнің тізгінін ала қашып,
Арнам тасып барады далаға асып.
Қазақстан - достықтың ұлы Отаны
Жүз отыз ұлт күн кешкен араласып.
Жұмыр білек секілді тұтас болсақ
Жау жағадан ала ма жағаласып.

Дұрыс ұкса даламның көрнекті елі,
Өмірімнің әлі де көп өткелі.
Президент болғаным жалған емес
Көсегесін жұртымның көгерткелі.

Азаттықтың ағашы көгергелі,
Парызымның аз емес өтелгені.
Ел басына келдім мен
Қаратаудай
Қайғысын да қайыспай көтергелі.

Бір-біріне жын бүркіп, көбік шашып,
Ел мен елдің жүргенде көбі ұстасып,
Құрақтардың нәр берем тамырына,
Бұлақтардың бітелген көзін ашып.

Сертке ұстаған семсердей сермелгенде,
Мұнараға айналам белең-белде.
Толқындарды жарыққа шығарамын
Тулап жатқан тұңғиық тереңдерде.

Бойын аулақ сала алмай пенделіктен
Қарап қалған ер қанша жерге тіптен.
Туған елді ту етіп тік көтеріп,
Қасиетпен өтемін елге біткен.

Мұң кешеді ендеше елім қалай,
Құйылса егер сауылдап жеріме арай.
Қорытылғам Домнаның пештерінде
Сынағанда сұсты өмір мені талай.

Көңілімнің тартылып күйі күнде,
Естіледі саңқылдап жиі үнім де.
Алатаудың басына шыққан жандай
Түрегеліп нық тұрмын биігімде.

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ
ЖАН СЫРЫ

Сұм заманда ұл азып, қыз бүлінген,
Айырылсын ел неге ізгі үнінен.
Нұрсұлтанға сенемін,
Өзге болса,
Қалады елдің ажырап тізгінінен.

Қасиетін жоғалтпай елге біткен,
Күн кешеді серілік, серкелікпен.
Ана жаққа алаңсыз аттанамын
Елбасына жүрегім сенгендіктен.

Бақыт тапқан қаласы, даласынан,
Еркін елдің қашанда бағы ашылған.
Бостандық жаңа туған сәби болса,
Кім жалаңаш тумаған анасынан?

Шыдау қажет ақыры шыдағасын,
Көк бөрілі Байрағым құламасын.
Бостандық жаңа туған сәби болса,
Емшек сұрап ол неге жыламасын?

Бостандық боп ар-намыс тірілгенде,
Жығылмады кім қоса сүрінгенде.
Жаңа-жаңа қаз басқан бала ғой ол,
Сүрінбейді қай бала жүгіргенде?

Түсінсе егер нар халқым, елім мені,
Бұл кісінің бар деме не білгені.
Кейін қарай шегініп кеттік деме,
Нарық заман жылқы емес тебіндегі.

Күн кештім деп ойлама жетім елде,
Құрыш балқып еріген бекінерде.
Кейін қарай шегініп, жүгіретін
Спортшылар биікке секіреді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРІ

Тоқтар Әубәкіровтің монологы

Күннен-күнге адамдар майдаланып,
Сан соға ма сансырап сайда қалып.
Бір қазақты ғарышқа ұшырмаған
Байқоңырын жүрсе де пайдаланып.

Керек емес қазақтың іргелі елі,
Байтақ жері орысқа шын керегі.
Қайта олардың тұрады қыбы қанып,
Қара орманның сынса егер бір терегі.

Ғұмыр кешіп жүргесін ізетті елде,
Табанымнан тағдырдың сызы өткен бе.
Мен кезіктім -
Ғарышқа ұшатұғын
Президент бір жігіт іздеткенде.

Туласа да намысым өр кеудемде,
Жүргем бірақ шыға алмай төрге мен де.
Қазақстан атынан мені ұшырған
Қысастыққа Елбасы көнбегенде.

Жүрегінде жақсылық желі тартып,
Алаулатқан жүзімді демі шарпып.
Неге самғап ұшпайын ғарыш көкке
Президент тұрса егер сенім артып.

Көкірегін тулатқан құба белдің,
Кісінетіп құлынын құлагердің, -
Күнге қарай жол салып самғап ұшқам
Аманатын арқалап туған елдің.

Нұр шаңытып киелі жер бетіне,
Көтерілгем биікке тербетіле.
Самғап ұшып ғарышқа жеткен бойда
Бір қарағам дүние келбетіне.

Соңымда ылғи қол бұлғап қалған белес,
Шақырғанда алысқа арман, елес.
Тартылысын бұл жердің жеңе білген
Тұңғыш қазақ екенім жалған емес.

Қара тобыр мен жайлы не біледі,
Ар-намысым тереңнен тебінеді.
Мені ұшырған ғарышқа білсең, Елім,
Елбасының егеулі ерлігі еді.

КҮЛТЕГІННІҢ КӨК ТАСЫ

Өткел қанша біз өткен,
Уақыттың қателігін кім бар елде
түзеткен.

Ел қорымай мал қорыған қазақтың
Қораларын аш қасқырлар күзеткен.

Жүрегімнің желкілдемей тұлымы,
Жусанымның жұлынғанда жұлыны, -
Құрсағында шыңғырған
Құлагердің құлыны.

Жыртылғаны жағамның -
Бақыр құрлы болмағаны
бағамның.

Шылбырына айналғам
Атқа мінген жаманның.
Өз төріме шыға алмадым
жасқанып,
Төмендігінен санамның.
Жолбарысым тулап жатты кеудемде
Толғанысын тыңдағанда ғаламның.